

"Оңалтуды және банкроттықты басқарушыларының қорытынды есебінің нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2014 жылғы 15 мамырдағы № 224 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 9 желтоқсандағы № 636 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылғы 26 желтоқсанда № 12552 болып тіркелді

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. «Оңалтуды және банкроттықты басқарушыларының қорытынды есебінің нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Қаржы Министрінің 2014 жылғы 15 мамырдағы № 224 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9522 болып тіркелген, 2014 жылғы 11 шілдеде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерту мен толықтырулар енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Оңалтуды және банкроттықты басқарушылардың қорытынды есебінің нысандарын бекіту туралы";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген оңалтуды басқарушының қорытынды есебінің нысанында:

2 - б ө л і м д е :

2.5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2.5 Оңалту жоспарын*, оңалту жоспарына өзгертулерді және толықтыруларды енгізіп* бекіту туралы сот ұйғарымы 20__ жылғы «__» _____ шығарылды.

(с о т т ы ң а т а у ы)

Оңалту жоспарын, оңалту жоспарына өзгертулерді және толықтыруларды келісу туралы кредиторлар жиналысының 20__ жылғы «__» _____ № _____ хаттамасы.»;

мынадай мазмұндағы 2.6-тармақпен толықтырылсын:

«2.6 Банкроттық рәсімін тоқтату, оңалту рәсімін қолдану және оңалту жоспарын бекіту туралы сот шешімі 20__ жылғы «__» _____ шығарылды;

(с о т т ы ң а т а у ы)

Борышкер «Оңалту және банкроттық туралы» 2014 жылғы 7 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 95-1-бабына сәйкес банкроттық рәсімнен оңалту рәсіміне

көшкен жағдайда 2.6-тармақ толтыруға жатады.»;
көрсетілген бұйрықпен бекітілген банкроттықты басқарушының қорытынды
е с е б і н і ң н ы с а н ы н д а :

13-бөлім мынадай мазмұндағы бөліммен толықтырылсын:

«Егер, банкроттық рәсімін өткізу кезеңінде банкрот кәсіпорын сатуды жүзеге асырған жағдайда 1, 2, 3, 4, 5, 7 және 13-бөлімдер толтырылуға жатады.».

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (Д.Е. Ерғожин) заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін ;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны мерзімді баспа басылымдары мен «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде, сонымен қатар «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкісінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн ішінде қолданысқа енгізіледі.

Қаржы министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Б.Сұлтанов